

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

қамқоршылық кеңес төрайымына және кеңес мүшелеріне

Хабарлама

Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылының жоспарына төмендегі қағидаларға байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай-бақшасында қамқоршылық кеңесінің жалпы отырысы 21 ақпанда өткізіледі.

- 1.Мектеп жасына дейінгі балалаларды оқыту және тәрбиелеу сапасы
- 2.Балабақша тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы.

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

Қосбөлтек ауылы

21.02.2025ж.

Қатысқаны: 7

Күн тәртібінде:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу сапасы
(баяндамашы меңгеруші Ш.Жанхожаева)
2. Балабақша тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы
(баяндамашы кеңес төрайымы К.Қамбарова)

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Ш.Жанхожаева өз баяндамасында мектепке дейінгі білім сапасының проблемасы бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балаларды мемлекеттік қолдаудың бүкіл жүйесін бұдан әрі жалғастырудың және дамытудың айқындалушы ретінд қарастырады.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білімнің шешуші және маңызды бағдарларына, отбасы мен баланың МДҰ қызметіне деген қажеттілігін арттыру, баланың МДҰ-ғы қауіпсіздігі, оның денсулығын сақтау және қажетті түзеу болып отыр. Әрине біздің бақшамызда баланың қажеттілігі орындалып отыр. Яғни үлгілік бағдарлама аясында оқыту мен тәрбиелеу, бала қауіпсіздігі бойынша жоспар аясында жұмыстар жүргізіліп отыр. Ата-аналармен де жұмыстар жүргізіліп отырғанын баяндаймын деп атап өтті.

Келесі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова өз сөзінде балабақшада қамқоршылық кеңес төрайымы болып жұмыс жасап келе жатқанын балабақшада тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы екенін бәрімізде білеміз. Бүгінгі балалардың биік белестерінің баспалдағы балабақша. Осы орайда атап өтетін болсам, жаңағыда атап өткендей қамқоршылық кеңес төрайымы ретінде балабақшның көптеген іс-шараларына қатысып, түрлі іс-шараларына өз атымнан да демеушілікте жасадым, оған себеп жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі биік азамат етіп өсіру үшін балалардың тәрбие, білім алуда жақсы жетістіктерге жеткізу болатын. Балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дамытушы орта жасақталған. Баланың тәрбиелі ұрпақ болып жетілуіне бірден – бір ықпал ететін орын бұл балабақша.

Біздің қызметіміз бал өмірімен тығыз байланысты.

Сондықтанда еліміздің болашағы, бүгінгі жас ұрпақтың білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, елін, жерін ата-анасын құрметтейтін сапалы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар жақсылықты, білімімізді, күш жігерімізді жұмсай білейік деп атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, шешім етті:

1. Балабақша жұмысына қамқоршылық кеңес мүшелері қатысып отырылсын.

Шешім бірауыздан қабылдансын.

Хатшы:

 С.Жуманалина